

Май аудандық Қоғамдық кеңесінің № 1 ХАТТАМАСЫ

Көктөбе ауылы

2025 жылғы «10» қаңтар

Өткізілетін орны: аудандық мәслихат ғимаратында, сағат 14.30.

Қатысушылар саны: қоғамдық кеңестің құрамы

Күн тәртібінде қаралатын сұрақ:

1. Май аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасын сайлау.
2. Комиссия мүшелері мен төрағаларын сайлау.
3. Төралқа құрамын сайлау.
4. Май аудандық Қоғамдық кеңесінің ережесін бекіту.

Қатысушылар:

- Қоғамдық кеңестің мүшелері (толық құрамда);
- Мейрамбек Хызыр, Май аудандық мәслихатының төрағасы;
- Ескендиров Берик Кайроллинович – Қоғамдық кеңесті құру бойынша жұмыс тобының басшысы, «Павлодар облысының өлкетанушылар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, құрылтайшысы және Ж. Марданов атындағы өлкетанушылар қоғамының өлкетанушысы, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Май аудандық мәслихатының депутаты;
- Ауганбаев Олжас Аскарлович - Май аудандық Қоғамдық кеңесінің хатшысы.

Отырысты Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының басшысы Ескендиров Берик Кайроллинович ашып, жүргізеді.

Б.Ескендиров: Құрметті қоғамдық кеңес мүшелері!

Бүгінгі ұйымдастыру жиынына қоғамдық кеңестің 11 мүшесі толық құрамда қатысып отыр. Қоғамдық кеңестің отырысы құқықты. Үш жыл алдын сайланған қоғамдық кеңес өз жұмысын аяқтап, жұмыс тобы қоғамдық кеңестің 11 мүшеден тұратын айқындады. Барлық шаралар заң талаптарына сай жүргізілді. Май аудандық мәслихаты төрағасының өкімімен қоғамдық кеңестің жаңа құрамы бекітілді.

Аудандық қоғамдық кеңеске ең көп дауыс жинаған кандидаттар: Ш.Ж. Жумажанова, Г.М. Карманова, Д.Ж. Жаманкулов, Е.Б. Смаканов, С.К. Сыздықов, Д.А. Дарабаева, К.К. Мустафин, А.К. Темиргалинов, М.К. Валитов, Ж. Темиржанов, Д.С. Саденов өтті.

Резервтік орынға: Ж.Ж. Адамжанов, А.К. Абдугаликова, С.К. Тлеубеков.

Осы ұйымдастыру отырысына Май аудандық мәслихатының төрағасы Мейрамбек Хызыр қатысып отыр. Сөзді Мейрамбек Хызырға беруге рұқсат етулеріңізді сұраймын.

М.Хызыр: Құрметті отырысқа қатысушылар!

Мемлекет басшысы қоғамдық кеңестер халық пен билік арасындағы байланыстырушы буын болуға тиіс екенін айтты. Азаматтар қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға және мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысуға құқығы бар қоғамдық кеңес мүшелерін өздерінің өкілдері деп санайды. Қоғамдық кеңестер бюджет қаражатының жұмсалуды бақылау, ағымдағы проблемалық мәселелерді билік органдарына жеткізу, мемлекеттік саясатты түсіндіру сияқты салаларда өкілеттіктерге ие.

Жаңа қалыптастырылған Қоғамдық кеңесінің мүшелірін тағы да сәттілік пен жемісті жұмыс тілеймін. Рахмет.

Б.Ескендиров: Құрметті аудандық Қоғамдық кеңестің мүшелері!

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес, Қоғамдық кеңестің бірінші отырысында ашық дауыс беру арқылы Қоғамдық кеңестің төрағасы, Төралқа құрамы, Қоғамдық кеңес комиссиясының құрамы мен төрағасы жай көпшілік дауыспен сайланады, сондай-ақ қоғамдық Кеңес туралы ереже бекітіледі.

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасының кандидатурасы бойынша қандай ұсыныстар болады?

М.Валитов: Мен Темиржанов Жанарбектың кандидатурасын ұсынамын.

Г.Карманова: Темиржанов Жанарбектың халықтың қамын ойлаған адал азамат, оның қоғамдық кеңес төрағасы ретінде жұмысты әділ жүргізетініне сенімдімін.

Б.Ескендиров: Темиржанов Жанарбекті Май аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы болып сайлау туралы ұсыныс түсті.

Басқа ұсыныстар болады ма? – Жоқ болса, дауыс берулеріңізді сұраймын. Қолдағандар – 11, қарсы, қалыс қалған жоқ. Шешім қабылданды.

Май аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Темиржанов Жанарбекті болып сайланды.

Құрметті Жанарбек Темиржанов енді әрі қарай отырысты өзіңіз жүргізуді сұраймын.

Ж.Темиржанов: Құрметті әріптестер сенім білдіріп қолдау көрсеткендеріңізге рахмет, ендігі мәселеміз төралқа құрамы және комиссия құрамын сайлау қажет. Қоғамдық кеңестің өкілеттіктерінің бірі қызмет бағыттары бойынша комиссиялар құру болып табылады.

Қоғамдық кеңестің алдыңғы құрамында 3 комиссия болған. Мен сандық құрамды өзгеріссіз қалдыруды ұсынамын, тек комиссиялардың атауларын өзгертуді ұсынамын. Қандай ұсыныстарыңыз бар.

Е.Смаканов: Комиссия атауларын осылай атауды ұсынамын:

1. «Қоғамдық кеңестің бюджеттің игерілуін бақылау, экономиканы және инфрақұрылымды дамыту» мәселелері жөніндегі комиссия;

2. «Қоғамдық кеңестің білім, денсаулық сақтау, мәдениет және әлеуметтік қорғау мәселелері» жөніндегі комиссиясы;

3. «Қоғамдық кеңестің агроөнеркәсіпті дамыту және жер қатынастарын реттеу мәселелері» жөніндегі комиссиясы.

Басқа ұсыныстар болады ма? – Жоқ болса, дауыс берулеріңізді сұраймын. Қолдағандар – 11, қарсы, қалыс қалған жоқ. Шешім қабылданды.

Комиссия төрағаларын сайлау мәселесін қарастыру туралы ұсыныс енгіземін.

С.Сыздыков: «Қоғамдық кеңестің бюджеттің игерілуін бақылау, экономиканы және инфрақұрылымды дамыту» мәселелері жөніндегі комиссиясының төрағасына **Смаканов Ермек Багдатовичті**, ал мүшелеріне Темиргалинов Ақылбек Калиакпаров пен Саденов Даулет Сериковичты ұсынамын.

Ж.Темиржанов: Басқа ұсыныстар болады ма? – Жоқ болса. Дауыс берулеріңізді сұраймын. Қолдағандар – 11, қарсы, қалыс қалған жоқ. Шешім қабылданды.

Г.Карманова: «Қоғамдық кеңестің білім, денсаулық сақтау, мәдениет және әлеуметтік қорғау мәселелері» жөніндегі комиссиясының төрағасына **Жаманкулов Дамир Жанатовичті**, ал мүшелеріне Валитов Мухаметкаир Курманалинович, Дарабаева Динара Ақылжановна және Сыздыков Серик Каскырбаевичті ұсынамын.

Ж.Темиржанов: Басқа ұсыныстар болады ма? – Жоқ болса, дауыс берулеріңізді сұраймын. Қолдағандар – 11, қарсы, қалыс қалған жоқ. Шешім қабылданды.

А. Темиргалинов: «Қоғамдық кеңестің агроөнеркәсіпті дамыту және жер қатынастарын реттеу мәселелері» жөніндегі комиссиясының төрағасына **Мустафин Кошербай Қуанышевичті**, ал мүшелеріне Жумажанова Шолпан Жоламановна мен Карманова Гульнар Мукажановнаны ұсынамын.

Ж.Темиржанов: Басқа ұсыныстар болады ма? – Жоқ болса, дауыс берулеріңізді сұраймын. Қолдағандар – 11, қарсы, қалыс қалған жоқ. Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қоғамдық кеңестің жоғарғы органы отырыс болып табылады. Қоғамдық кеңестің қызметіне басшылықты жедел жүзеге асыру үшін оның отырыстары арасындағы кезеңде Қоғамдық кеңестің төралқасы сайланады.

«Қоғамдық кеңес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2-тармағына сәйкес, Қоғамдық кеңес төралқасының құрамына Қоғамдық кеңестің төрағасы, өзінің қатысуымен Қоғамдық кеңес құрылған мемлекеттік органның өкілі, Қоғамдық кеңес комиссияларының төрағалары, жекелеген мүшелері кіреді. Төралқа құрамын 4 адам деп сайлауды ұсынамын. Басқа ұсыныстар болады ма? – Жоқ болса, дауыс берулеріңізді сұраймын. Қолдағандар – 11, қарсы, қалыс қалған жоқ. Шешім қабылданды.

Ш.Жоламанова: Менің ұсынысым, осы комиссиялардың төрағалары Смаканов Ермек Багдатович, Жаманкулов Дамир Жанатович және Мустафин Кошербай Куанышевичті және Жанарбек Темиржановты төралқа құрамына ұсынамын.

Ж.Темиржанов: Басқа ұсыныстар болады ма? – Жоқ болса, дауыс берулеріңізді сұраймын. Қолдағандар – 11, қарсы, қалыс қалған жоқ. Шешім қабылданды.

ШЕШІМ:

1. Келесі азаматтар:

- Смаканов Ермек Багдатович - «Қоғамдық кеңестің бюджеттің игерілуін бақылау, экономиканы және инфрақұрылымды дамыту» мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы;

- Жаманкулов Дамир Жанатович - «Қоғамдық кеңестің білім, денсаулық сақтау, мәдениет және әлеуметтік қорғау мәселелері» жөніндегі комиссиясының төрағасы;

- Мустафин Кошербай Куанышевич - «Қоғамдық кеңестің агроөнеркәсіпті дамыту және жер қатынастарын реттеу мәселелері» жөніндегі комиссиясының төрағасы **болып сайлансын.**

2. Комиссия құрамдары:

- «Қоғамдық кеңестің бюджеттің игерілуін бақылау, экономиканы және инфрақұрылымды дамыту» мәселелері жөніндегі комиссия:

Темиргалинов Акылбек Калиакпарович;

Саденов Даулет Серикович;

- «Қоғамдық кеңестің білім, денсаулық сақтау, мәдениет және әлеуметтік қорғау мәселелері» жөніндегі комиссиясы:

Дарабаева Динара Акылжановна;

Сыздыков Серик Каскырбаевич;

Валитов Мухаметкаир Курманалинович;

- «Қоғамдық кеңестің агроөнеркәсіпті дамыту және жер қатынастарын реттеу мәселелері» жөніндегі комиссиясы:

Жумажанова Шолпан Жоламановна;

Карманова Гульнар Мукажановна- **мүшелерінен сайлансын.**

3. Қоғамдық кеңестің төралқа құрамына төмендегі тұлғалар сайлансын:

- Смаканов Ермек Багдатович;

- Жаманкулов Дамир Жанатович;

- Мустафин Кошербай Куанышевич;

- Темиржанов Жанарбек.

Енді келесі күн тәртібіндегі 4 сұрағы бойынша, біз Май аудандық Қоғамдық кеңес туралы ережені бекітуіміз керек. Сөз аудандық қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының басшысына беріледі.

Б.Ескендиров: Жұмыс тобы «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңының 8-бабы 6-тармағы мен «Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы бұйрығының 19 тармағы 5) тармақшасы негізінде жұмыс тобы Май аудандық Қоғамдық кеңес туралы ереженің жобасын Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ереженің негізінде Май аудандық Қоғамдық кеңесі ережесінің жобасын әзірледі. Сіздер Ереженің жобасымен таныстыңыздар.

Ж.Темиржанов:. Берік Қайроллаұлына жоба бойынша сұрақтарыңыз болады ма? Жобаға байланысты өзгерістер мен толықтыру болады ма? Жоқ болса, дауыс берулеріңізді сұраймын. Қолдағандар – 11, қарсы, қалыс қалған жоқ. Шешім қабылданды.

Күн тәртібіне қойылған мәселелер толығымен қаралды, осымен отырысты жабық деп жариялаймын.

Май аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы  **Ж. Темиржанов**

Май аудандық Қоғамдық кеңесінің хатшысы  **О.Ауганбаев**